

№10 Лекция тақырыбы: 4-БЛОК. КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Кеңес өкіметінің орнауы.
2. Желтоқсандағы Жалпықазақ съезі. Алаш автономиясын құру
3. Қазақ өлкесіндегі «ақтар» мен «қызылдардың» қарсыластығы. «Соғыс коммунизмі» саясаты.
4. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы.
5. Қазақстандағы жер-су реформасы.
6. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС).
7. Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі.

1. Кеңес өкіметінің орнауы. 1917 жылы қазан айында Петроградта Уақытша өкімет құлатылып, мемлекет билігінің кеңестердің қолына көшкені тек Ресейді ғана емес, дүниежүзін, бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бұл оқиға бүкіл елде, оның шет аймақтарында Кеңес өкіметін құру, нығайтумен ұштасты. Ол көп жерлерде орталық аудандардың ықпалымен қан төгіссіз іске асты.

Төңкеріс бүкіл билікті жұмысшы, солдат, шаруа депутаттары кеңесінің қолына беру арқылы халықтың әртүрлі топтары мен түрлі ұлттардың, халықтардың келешектегі тағдырына байланысты түрліше үмітте болуына жол ашты. Ресейдің жұмысшы, шаруа, солдаттар бұқарасы елді соғыстан шығарып, халықтың бейбіт еңбекке оралуына, соғыстан бұрын, соғыс жылдарында жоқшылық пен мұқтаждық зардаптарын шегіп әбден қажыған жағдайын түзеуге айқын жол ашылады деп есептеді. Ресейдің қол астында болып келген орыс емес халықтардың еңбекші бұқарасы Қазан төңкерісінен кейін экономикалық - әлеуметтік күйзелістен шығумен бірге отаршылдықтың бұғауынан босанып, тәуелсіздік алатын шығармыз деп үміттенді. Ал Ленин бастаған большевиктер зауыт, фабрикалар жұмысшыға, жер шаруаға, бейбітшілік – бүкіл халыққа берілсін - деген ұран көтере отырып, Ресейге тәуелді болып келген халықтар жөнінде өз бағыттарын белгіледі. Олар барлық ұлттар мен ұлыстардың, халықтардың теңдігі мен бостандығын, азаттығын жариялай отырып, олардың төңкеріс туының астынан кетпеуге шақырды.

Қазан төңкерісінен кейін көп уақыт өтпей - ақ елде азамат соғысы мен шетел басқыншылығының жорығы басталды. Бұл тұста Қазақстанда Кеңес өкіметі орнап болған жоқ еді. Биліктің Кеңестердің қолына өтуі мұнда кейінірек жүзеге асты. Оның бір себебі, мұнда саналы, жақсы ұйымдасқан саны мол жұмысшы табы болған жоқ. Екіншіден, шет аймақтарда билікті кімнің алатыны жөнінде жұрт қолдайтын бірыңғай пікір де болмады. Кейбір жерлерде автономия жарияланып, олардың Ресей құрамында болатыны - болмайтыны жөніндегі мәселе ашық тұрды. Мәселен, осы тұста құрылған Башқұрт, Түркістан, "Оңтүстік шығыс одағы" деген атпен Сібірде пайда болған автономиялар қазақ зиялыларын ұлттық өз иелігін құруға құлшындырды. Сөйтіп, 1917 жылы желтоқсанда Алашорда үкіметі пайда болды Оның Батыс Қазақстандағы бөлігін Халел, Жанша Досмұхамедовтар, Шығыстағы бөлігін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, т.б. басқарды.

Сонымен бірге қазақ даласында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күресте жүріп жатты. Соның нәтижесінде 1917 жылы қазаннан 1918 жылғы наурызға дейін Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметі орнады.

Ресейдің орталық аудандарынан Қазақстанға көмек көрсету үшін Ә.Жанкелдин, В.Чекмарев, П.Кобезев және т. б. төтенше комиссарлардың келуі қазақ халқының арасынан Әділбек Майкотов, Бекен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин, Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, Амангелді Иманов, Әбдірахман Әйтиев сияқты көптеген күрескерлерді шығарды. Еңбекші халықтың жаңа өмір жолындағы күресіне басқа ұлт өкілдері К. Шугаев, П. Салов, П. Виноградов, С. Журавлев, Л. Емелев, Я. Ушанов, А. Розыбакиев, В. Зинченко, П. Басов, И. Дубынин, тағы басқа да ондаған азаматтардың ат салысуы төңкерістің Қазақстанда жеңуіне жол салды.

Төңкерісті қолдайтын күштер басым болған жерлерде жергілікті кеңестер большевиктер жағына түгелдей шықты. Ал қызыл әскер жасақтары бар аудандарда өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына большевиктердің Кеңесте көпшілік орынға ие болуы арқылы жүзеге асты. Мұндай жағдай Қазақстанның солтүстік - шығыс облыстарының көптеген аудандарында, Сырдария және Бөкей ордасында орын алды. Бірақ төңкеріс қарсыластарының күштері көбірек шоғырланған Орынбор, Орал, Жетісу облыстарында өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына қарсылық көрсеткендерді талқандау арқылы, осы күресте жанын пиде еткен құрбандықтар арқасында ғана тиді.

Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары өкімет билігін 1917 жылғы 30 қазанда (12 қараша) өз қолына алды. Ол кезде бұл үлкен әскери гарнизон орналасқан ірі темір жол станциясы болатын.

Сырдария облысында Кеңес өкіметінің орнауы, оның саяси - экономикалық және әкімшілік орталығы Ташкент қаласында 1917 жылы 30 қазанда Кеңес өкіметі құрылғаннан кейін іске асты. 1917 жылы қараша айының орта кезінде Кеңес өкіметі Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. Қараша - желтоқсан айларында Кеңес өкіметі Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкесінде және облыстың басқа да ірі елді мекендерінде қан төгіссіз бейбіт жолмен орнады. Петропавлда жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңесінің темір жол жұмысшыларымен бірлескен қимылының арқасында 1917 жылы 12 қарашада төңкерістік уақытша комитет құрылды, оның құрамына Ғ. Ыдырысов, Я. Побелянский, К.Сүтішев, П. Рыжов және т. б. кірді. Бұл комитет кейінен Кеңесті басқаруды өз қолына алды. Дегенмен Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Семей, Өскемен уездерінде казак - орыс және офицер - старшина билеуші топтардың ықпалы басым болғандықтан, Кеңес өкіметі үшін күрес біраз қиындыққа кездесті. Семейде өкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына 1918 жылы ақпанның 16 - нан 17 - не қараған түнде көшті.

1917 жылғы желтоқсан - 1918 жылғы наурыз аралығында Кеңес өкіметі Торғай облысының орталығы және Қостанай, Ақтөбе қалалары мен басқа да ірі елді мекендерде орнады. Торғай облысында Кеңес өкіметінің орнауына А. Иманов, К.Қойдасов, В. Чекмарев, В. Зинченко және т. б. күрескерлер елеулі үлес қосты.

Жетісуда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес, төңкеріс қарсыластары күштерінің басым болуына байланысты, 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Мұнда төңкеріс толқынының екпінді күш алуына 1917 жылдың күзінен бастап майданнан қайтқандармен және елдің басқа аудандарынан келген төңкеріс идеясын қолдаушылардың қосқан үлесі елеулі болды. Олардың арасында Т. Бокин, Т. Өтепов, Ж. Бабаев, А. Розыбакиев сияқты жергілікті халықтың өкілдері бар еді. Верный жұмысшылары қызыл гвардия жасақтарын ұйымдастырды, әскери-төңкеріс комитетін құрды. 1918 жылы наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верныйда Әскери-төңкеріс Комитеті басқарған жұмысшылардың Қызыл ұлан жасақтары мен екінші казак - орыс полкінің жауынгерлерінен ұйымдасқан күштер қала еңбекшілерінің қолдауына сүйеніп, "әскери өкіметтің" тірегі болған қамалды, қару-жарак қоймасын, почта-телеграфты, т.б. маңызды мекемелерді басып алды да, Верный қаласында Кеңес өкіметін орнатты.

Кеңес өкіметі наурыз айында Жаркентте, Сергиопльда /Аягөз/, Талдықорғанда, сәуірдің бас кезінде Лепсіде орнады. Сөйтіп, 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына дейін Кеңес өкіметі Қазақстанның көп жерінде жеңіске жетті.

Кеңес өкіметі жеңгеннен кейін Қазақстанда да ескі мекемелер, оның ішінде, Уақытша үкіметтің комиссарлары, отарлау-шенеуніктік әкімшілік қоныстандыру басқармасы, бұрынғы сот жүйесі жойылып, өкімет билігі жұмысшы, солдат депутаттары кеңестерінің қолына өте бастады. Мұндай өзгерістердің іске асуында Қазақстан қалаларында құрылған төңкерістік комитеттердің рөлі зор болды. Олар қызыл ұландар бөлімдерін, жұмысшы жасақтарын құрды, кедейлерге арқа сүйеп, қанаушы таптардың қарсылығына тойтарыс берді, өкімет билігінің кеңестердің қолына өткенін жариялап, олардың нығаюы үшін ат салысты. Кеңестер билікті ойдағыдай жүргізу қабілетіне ие болған жерлерде төңкеріс комитеттері өз міндеттерін кеңестерге беріп, тарап кетті.

Өкімет билігінің ескі құрылымы Қазақстанда бірден жойылған жоқ. Олар әуелі кеңестердің қарамағына өтіп, сосын аттарын өзгертіп, бірте-бірте Кеңес қарауына алынды. Мәселен, 1918 жылы ақпанда жұмысшы, шаруа, солдат, мұсылман депутаттары Ақтөбе Кеңесі қалалық басқарманы Кеңес басқару орны етіп қайта құрып, қалалық думаны таратты. Семей облыстық Кеңесі 1918 жылы 9 наурызда дума мен басқармаларды таратып, уақытша үкіметтің уездік комиссарларының міндетін жаңа құрылған кеңестерге жүктеді. Сол жылы 12 сәуірде Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлар Кеңесі азық-түлік басқармаларын тиісті Кеңестердің азық - түлік бөлімі етіп қайта құру жөнінде жарлық шығарды. Қостанай уезіндегі шаруашылық иелігі (хозяйственная управа) Кеңестің қарамағына алынды. Кеңес өкіметінің қайта құру шараларын іске асыруға өршелене қарсы шыққан Петропавл, Ақмола, Түркістан, Өскемен, Верный, Әулиеата, Жаркент, Қапал, Лепсі сияқты жерлердегі земстволық, қалалық басқармалар таратылды. Кейбір жерлерде /Қостанай, Перовск, Қарқаралы, Зайсан/ олар Кеңестердің қарамағына көшті.

Ескі мемлекеттік аппаратты қирату отарлау саясатына берілген алғашқы соққы еді. Ол еңбекшілердің Кеңес жұмысына белсене қатысуына жағдай туғызды. Олардың көмегімен үстем таптардың артықшылықтары шектеліп, қазақтардың ұлттық теңдігі қамтамасыз етілді. Олар Ресей Кеңес Федеративтік Республикасының тең құқықты азаматы болды.

Шіркеудің мемлекеттен, мектептің шіркеуден ажыратылуы, ерлер мен әйелдер теңдігі іске асырылды. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 10 қарашадағы Жарлығымен адамдардың сословиге бөлінуі, олардың құқықтық артықшылығы мен шектеушілігі, сондай – ақ сословиялық мекемелер, ұйымдар жалпы сословие атауы жойылды.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде басқарудың бірыңғай құрлымы болған жоқ. Кейбір жерлерде Орталықтағы сияқты Халық Комиссарлар Кеңесі, екінші бір жерлерде облыстық мекемелер мен басқармалардың Комиссариаттары құрылды. 1918 жылдың күзінен бастап, басқарудағы ала – құлалық жойылып, Кеңес атқару комитеттері билікті өз қолына топтастыра бастады. Маңызды мәселелер салалық басқармалардың коллегия мәжілісінде қаралып отырды.

Ауыл - селоларда әлі кеңестер күш ала алмай жатты. Кеңес өкіметінің нұсқау, жарлықтарын іске асыруға қарсылық күшті болды. Халық азық-түлік ташпылығынан қорлық көрді. Бай, кулактар белгіленген нарық бойынша мемлекетке астық тапсырудан бас тартты. Кеңес өкіметіне қарсы күштер бас көтерді. Осының бәрі уездік кеңестерден шұғыл және шешуші шараларды іске асыруды талап етті. Кеңеске қарсы күштердің қарсылығын басу, жергілікті жерлерде өкімет билігін нығайту қажет болды. Бұл міндеттерді іске асыру басқарудың коллегиялық әдіспен нығайтуды керек етті. Осыған орай көптеген маңызды мәселелер коллегия мәжілістерінде қаралып шешілді.

Облыстық, уездік, болыстық кеңестердің жер, азық-түлік, шаруашылық, сот, бақылау, қаржы бөлімдерінің жұмысын жолға қоюға бағытталған шаралар іске асырылды. Төңкеріске қарсылар мен күрес жөніндегі төтенше комиссия, милиция құрылды. Кеңестердің жанынан еңбек, ағарту, денсаулық сақтау т.б. бөлімдер ашылды. Зандар,

жарлықтар тек қана орыс тілінде ғана емес, қазақ тілінде де жарияланатын болды. Кеңес қызметкерлерін даярлайтын курстар жұмыс істей бастады. Осындай курс Семей уезінде ұйымдасты. Облыстық Кеңестер жанынан ұлттық қарым - қатынасты реттейтін комиссиялар құрылды. Олар Қытайға көшіп кеткен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың елге оралып, жайлы жерлерге орналасуына көмектесті.

РКФСР Халком Кеңесінің 1917 жылғы 22 қарашадағы "Сот туралы" жарлығымен соттың ескі құрылымы түгелдей қысқартылып, жергілікті жерлерде соттың жаңа жүйесі пайда болды. Сонымен бірге ескі прокурорлық бақылау мен қылмысты іс тергеушілер институттары, қорғаушы және жеке адвокатуралар жойылды. 1918 жылы облыстардағы Кеңес Атқару Комитеттері жанынан сот бөлімдері, ал өлке орталығында Қазақ өлкелік соты ұйымдасты.

1918 жылғы көктемде Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Оның құрылуы 1918 жылғы сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің бесінші съезінде іске асты. Оның құрамына Қазақстанның оңтүстігіндегі Жетісу, Сырдария облыстары кірді. Орта Азия республикалары мен Қазақстан жерін межелеу жүргізілгенге дейін Ақмола, Семей облыстары орталығы Омбы қаласы болған Батыс-сібір өлкесіне, Торғай, Орал облыстары Орынбор губерниясына, Бөкей ордасы Астрахань губерниясы қарамағына кірді.

Кеңес өкіметі ішкі және сыртқы жаулардан қорғану үшін республиканың қарулы күштерін құру мәселесіне көп көңіл бөлді. 1918 жылғы 15 қаңтардағы жұмысшы, шаруа қызыл әскерін құру жөніндегі үкіметтің нұсқауына сәйкес елде әскери бөлімдер құрыла бастады. Олар еріктілерден тұрды. Қазақстанда облыстық, уездік кеңестер жанынан әскери комиссараттар, әскери бөлімдер, қызыл штабтар құрылып, жауынгерлерді әскер ісіне үйретумен шұғылданды.

Бірақ еріктілік негізінде құрылған бөлімдерде тәртіп, бір - бірімен байланыс нашар болды. Олардағы жағдай түзетуді қажет етті. Шет ел басқыншылығы, ішкі және сыртқы жаулармен күрес әскер бөлімдерін құруда еріктіліктен бас тартып, әскери міндеттілікті енгізуді, әскер бөлімдерін темірдей тәртібі бар, соғыс өнеріне жақсы үйретілген күшке айналдыру керек еді. Солай істелді де, әскер құрамында ұлттық әскерлер құрамалары, оның ішінде қазақ жастарынан тұратын бөлімдер құрылды. Кеңес өкіметінің декреттері негізінде фабрика, зауыт, банктерді национализациялау іске асырылды. Қазақстанда алдымен ұсақ, Орта кәсіпорындары мемлекет меншігіне көшті. Кейін ірі кәсіпорындар да, оның ішінде Спасск мыс қорыту зауыты, Екібастұз көмір өндірісі, Риддер рудниктері мемлекет қарамағына алынды. Онда еңбек тәртібін нығайту, жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесімен кәсіподақтар кеңінен айналысты. Олар өндіріс пен өнімді бөлуді бақылауға алды. Жұмыс күні, еңбекақыны реттеу, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, мұқтаждарына көмек көрсету, әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелерімен шұғылданды. Кеңес орындарымен тығыз қарым - қатынас жасап отырды.

Кеңестердің екінші съезінің шешімдеріне сәйкес жерге жеке иелік ету жойылып, Қазақстандағы шіркеу мен монастырлардың, помещиктердің, бай казак - орыстардың, патша шенеуіктерінің иелігінде болып келген, сондай-ақ қоныс аудару қорындағы жерлер еңбекшілердің пайдалануына берілді.

Жер мәселесін шешудегі жергілікті кеңес орындарының қызметі бірнеше кезеңнен тұрды. Оның 1917 жылғы қарашадан - 1918 жылғы жазға дейінгі кезеңінде жергілікті Кеңестер, жер комитеттері мен комиссиялары бос жерлерді, тәркіленген помещиктік иениелерді есепке алып, шаруалардың жағдайын анықтап, жерсіз, жері аз шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселесімен шұғылданды. Шаруалар съездерінің шешімдерімен қоныс аудару қорынан алынған жерлерді пайдалану ережелерін жасады.

Екінші кезең - 1918 жылдың жазынан - 1920 жылдың аяғына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл тұста жерді социализациялау жөніндегі шараларды іске асыруға әзірлік жұмыстары жүргізілді.

1921-1922 жылдарды қамтитын үшінші кезеңде жер - су реформасы іске асырылса, 1924-1927 жылдарды қамтитын төртінші кезеңде - жерге орналастыру, шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары жүргізілді. Мұндай шараларды іске асыруда тәжірбиенің жоқтығы, жергілікті кадрлардың түсінігінің кемдігі, сауатының аздығы, т.б. себептер негізінде бұл төңкерістік шараларды іске асыру барысында асыра сілтеушіліктің, солақайлықтың, теріс әрекеттердің орын алғанын, Кеңес өкіметіне сенімді азайтатын жайлардың болғанын да айту керек.

2. Желтоқсандағы Жалпықазақ съезі. Алаш автономиясын құру. Қазақ ұлттық интеллигенциясы 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші Жалпықазақ съезінде қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қарады. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – Ресей құрамындағы ұлттық автономияны және ұлттық автономия үкіметін құру болды, ал оның негізгі мақсаттарының бірі – мемлекеттің ыдырау жағдайында халықты қорғау болды.

Съезде Алаш-Орда ұлттық-территориялық автономиясын құру шешімі қабылданды. Оған: Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облысы, Ферғана, Самарқан, Әмудария бөлімшесінің қазақ уездері, Каспий жағалауындағы облыстар, Алтай губерниялары кірді.

Алаш-Орда басшылары ұлттық автономия құруда негізгі ұстанымы ретінде басқа ұлт өкілдерінің мүддесімен санасатын ұлттық бірігуді көздеді.

Съезд жұмысына қатысқан Ташкент делегациясынан келген бір корреспондент былай жазады: «Съезде 10 қазақ облысынан 80 адам жиналып.....қаулы қабылдады. Олардың көбісі орысша сөйлейді: жоғары және орта білімі бар, еуропалық үлгіде киінген»

Съезд төрағасы Бақтыкерей Құлманов болды. Президиумда Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, А.Кенесарин, О.Қарашев, т.б. орын алды. Үкімет құрамына 25 адам кірді. Екінші жалпықазақ съезінде үкіметке 15 адам сайланған. 10 орын өлкеде тұратын басқа халықтардың өкілдеріне берілді. Бұл Алаш-Орда үкіметінің демократиялық сипатының көрінісі болды.

Съезде облыстық Кеңестер мен комитеттер құрылды. Алаш-Орда үкіметіне атқарушы билікті қолына алуды тапсырылды. Алаш-Орда автономиясының астанасы уақытша Семей қаласының маңында Жаңа Семейде құрылды, кейін Алаш қаласы деп аталды. Қазақ Алаш автономиясының төрағасы етіп көпшілік дауыспен Ә.Бөкейхан сайланып бекітілді.

Алаш-Орда үкіметінің бөлімшелері: батыс бөлімшесі – Жымпиты ауылында (Орал облысы), Шығыс бөлімшесі – Семей қаласында және Торғай бөлімшесі құрылды. Батыс бөлімшесінің төрағасы Ж.Досмұхамедұлы тағайындалды.

3. Қазақ өлкесіндегі «ақтар» мен «қызылдардың» қарсыластығы. «Соғыс коммунизмі» саясаты. 1917 жылы қазан айында болған төңкеріс кезінде үкімет билігінен айрылған буржуазия мұнымен ымырласқысы келмеді. Бұл тап өз қарулы күшін жасақтап кеңес үкіметіне қарсы күресті. Буржуазияның қарулы күші ақгвардияшылар деп аталды. Коммунистер бастаған жұмысшы табы қызыл армия бөлімдері арқылы ақгвардияшыларға қарсы күресті. Сөйтіп бір елдің ішіндегі азаматтардың соғысы басталды.

Қазақтардың негізгі бөлігінің бейтараптылық жағдайында Орынборда Кеңес өкіметі орнықты, бірақ Орынбор казак әскерінің басшысы А.Дутов меньшевиктердің қолдауымен Орынбор Кеңесінің мүшелерін қамауға алды. 1917 жылдың аяғында Қостанайда, Торғайда, Ақтөбеде билік Кеңестер қолына өтті, ал 1918 жылы қаңтарда Орынборда Дутов пен оның одақтастары жеңіліп, Кеңес билігі қайта орнады.

1917 жылы қараша-желтоқсан айларында Қазақстанның солтүстік қалаларының көпшілігінде билік большевиктер қолына өтті. Қарулы күш қолдану жолымен 1918 жылы ақпанда Семейде, наурыз айында Верныйда Кеңес өкіметі орнатылды. 1917 жылдың қарашасы мен 1918 жылдың наурыз айларында Қазақстанның көптеген қалаларында

Кеңес өкіметі жарияланғанымен, большевиктер ықпалы қалалар мен оның маңындағы темір жолдардан әрі аспады. Халықтың көп бөлігі, әсіресе Қазақстанның далалық өлке қазақтары «Алашорда» үкіметі мен оның жергілікті комитеттеріне бағынды.

Большевиктер мен олардың саяси қарсыластары арасындағы қарама-қайшылық 1918 жылы көктемде елдің барлық аумағында азамат соғысының кең жайылуына алып келді. Қарулы қақтығыстың басталуына Кеңестік биліктің әскери тұтқындар, чехтар мен словактардан құралған Чехословак корпусын қарусыздандыру әрекеті себеп болды. Ақ гвардияшылардың 1918 жылдың көктемгі жазғы шабуылы большевиктерге қарсы күштердің соңғы жетістігі болды. Сәуір айында Қызыл армия оңтүстік Оралда қарсы шабуылға шығып маусымда Уфа мен Қостанайды алды. Ақгвардияшылар мен Қызыл армия арасындағы ауыр шайқастар 1920 жылы көктемде солтүстік Жетісуда өтті, мұнда Дутов пен Анненковтың әскерінің қалдықтары шоғырландырылған еді. Ақ гвардияшылар жеңіліп, Қазақстандағы азамат соғысы аяқталды.

Большевиктерге қарсы күштердің жеңілуінің басты себебі ішкі келісім мен ынтымақтастықтың жоқтығынан еді. Әр жақ әсерлер мен меньшевиктер, шаруалар, жоғарғы офицерлік топ және басқа одақтастар қарама-қарсы мақсат ұстанды. Олар Қазақстанға тіпті шектеулі автономия берудің өзіне қарсы шықты, бұл Алашорда туы астына біріккен қазақ интеллигенция өкілдерін Кеңестер жағына шығуға мәжбүр етті. Қазақ халқы азамат соғысының ауыр кезінде екі оттың ортасында қалды. Оның бір жағында отар елдің үстінен билік жасап келген отаршыл монархистер, екінші жағында большевик атанған орыстың қара тобыры тұрды.

Қазақстанда азамат соғысының алғашқы ошағы 1917 жылы Орынборда казак әскерлерінің атаманы Дутовтың жергілікті кеңес үкіметін құлатуымен басталды. Мұнан соң Жетісу, Орал, Ақмола, Семей, облыстарында ақтар кеңес үкіметін құлатып буржуазиялық үкіметтер орнатты. Шет ел интервенциясы, Чехословакия корпусының бүлігі ақ гвардияшылардың күш алуына көмектесті. 1918 жылы жазда Жетісу облысының азғантай жері мен Сырдария облысында ғана Кеңес үкіметі сақталып қалды. Ақгвардияшыларға Қазақстанда алашорда үкіметі көмектесті.

Қызыл Армия бөлімдерімен бірге қазақ халқы ақгвардияшыларға қарсы күресті. 1919 жылдың ақырында Қазақстанның көпшілік бөлігі ақтардан азат етілді. 1920 жылы Жетісудағы азамат соғысының ақгвардияшылар фронты талқандалып азамат соғысы аяқталды. Азамат соғысы кезінде елдің барлық экономикалық ресурсын соғыс мүддесіне жұмылдырып, соғысып жатқан Қызыл армияны азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақпен қамтамасыз ету қажет болды. Осы мақсатпен кеңес үкіметі **әскери коммунизм** саясаты деп аталатын шараларды жүзеге асырды. Бұл саясат соғыс жағдайына байланысты жүргізуге мәжбүр болған төтенше және уақытша саясат еді. Кеңес үкіметі Қызыл армияны нанмен қамтамасыз ету үшін үстем таптың, ең әуелі кулактардың тығып отырған астығын күшпен алды. Ол үшін жұмысшы отряды дегенді құрып кулактардың қоймаларын тінтіп жасырған астықтарын үкіметке тікелей тәркіледі. Бұл шара Қызыл армияның қажетін толық өтей алмады. Сондықтан салықты салғыртпен ауыстырды. Салық шаруалардың өндірген астығының бір бөлігін ғана алса, салғырт кезінде өнімнің азғантай бөлігін ғана шаруаға қалдырып басқасын түгелдей үкіметке алды. Еңбек міндетін енгізді. Еңбек жасындағы барлық адам еңбек етуге міндетті болды. Көлік міндетін енгізді. Көлігі барлар /машина, арба т.б./ әскердің және өнеркәсіп орындарының отынын, жүгін тасуға міндетті болды. Еркін саудаға шек қойылды. Азық түлік адамдардың таптық белгісіне қарай бөлінді. Мәселен нан бөлгенде жұмысшының, қызыл армия жауынгерінің, шаруалардың нормасы көп болды да бұрынғы үстем тапқа жататындардың нормасы аз болды. Натуралдық айырбас енгізілді. Жұмысшылардың айлығы өніммен берілді. Жоғарыда аталған және тағы басқа төтенше шаралардың жиынтығын әскери коммунизм саясаты немесе соғыс коммунизм саясаты деп атайды. Бұл атау коммунизмнің принциптерін күшпен енгізу деген мағына береді. Әскери коммунизм

ұзақ уақыт жүргізуге болмайтын еді. Азамат соғысы аяқталысымен бұл саясат өзгертілді.

1920 жылы көктемде Қазақстанда азамат соғысы аяқталған соң ақгвардияшылар құлатқан Кеңес үкіметін қайта құру басталды. 1919 жылы шілде айында РСФСР-дың Халық комиссарлар кеңесі қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитет /казревком/ құру туралы шешім қабылдады. Казревкомның негізгі міндеті Қазақстан кеңестерінің құрылтай жиналысын шақыру дайындығын жүргізіп Қазақстанда Кеңес үкіметін орнату болды, казревкомның тағы бір міндеті қазақ жерлерін біріктіру, оның территориялық тұтастығын қамтамасыз ету болды. Казревком 1919 жылғы шілдеден 1920 жылғы қазанға дейін 15 ай өмір сүрді. Осы уақыттың ішінде қазақ автономиялық республикасын жариялауға байланысты қыруар жұмыс атқарды.

4. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы. 1919 жылдың аяғы мен 1920 жылдың басында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құруға дайындық қызу жүріп жатты. 1920 жылы тамыз айының басында Ұлт істері халық комиссариаты жанында Казревком, Сібірревком және Түркістан ОАК өкілдерінің жиналысы өтті, мұнда Ақмола мен Семей облыстарын Қазақстанға беру мәселесі түбегейлі шешілді. «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декреттің үлгісі 17 тамызда қаралып, РКФСР ХКК қолдады, ал 1920 жылы 26 тамызда бұл декрет бекітіліп, заң күшіне енді.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда Қазақ АКСР-інің С.Меңдешов басшылық еткен Орталық Атқару Комитетін және В.Радус-Зенкович басқарған Халық Комиссарлар Кеңесін сайлаған Қазақстан кеңесінің құрылтай съезі өтті. Қазақстан Ресей құрамындағы автономия , оның астанасы Орынбор қаласы болып жарияланды. Республика жер аумағы 2 млн шаршы шақырымға жуық, ал халқы 5 млнға жететін мөлшерде болды, оған Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Маңғышлақ уезі, Красновод уезі мен Астрахан губерниясының бір бөлігі енді. Түркістан АКСР-інің құрамына енген Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу азамат соғысы кезінде туындай бастады. Бұл облыстардың қазақтары солтүстік ауданмен бір республикаға бірігу пікірін үнемі ұсынып отырды. Орталық Азияда пантүркілік және панисламдық идеяны әлсірету үшін Түркістан Республикасын ыдыратуды орталық өкімет (Мәскеу) ерте жоспарлады. 1924 жылы ол жойылып, Өзбек және Түрікмен Республикаларына бөлінді, біршама уақыт өткеннен кейін Қырғыз және Тәжік Республикалары пайда болды. Сырдария мен Жетісу облыстары Қазақстанға қосылды. Орынбор қаласымен Орынбор губерниясының бір бөлігі Ресейге берілді, осыған байланысты Қазақстанда жаңа астана Қызылордаға ауыстырылды Ұлттық аумақтық межелеу нәтижесінде Қазақстанға: Қазалы, Ақмешіт, Әулиеатаның көп бөлігі және Сырдария облысының Ташкент және Мырзашөл уездері, Самарқан облысының алты көшпелі болыстары кірді. Жетісу облысының –Алматы, Жаркент, Қапал уездері, Пішкек уезінің Георгиевка, Шу, Қара-Құнық болыстары енді. Межелеу нәтижесінде Қазақстан аумағы 70 мың км-ге кеңейіп, 2,7 млн км құрады, тұрғындардың саны жалпы 5230 мың адамға жетті. Астана Ақмешітке ауыстырылып, оның аты Қызылорда (1925 жылы) деп өзгертілді. Осы жылы елдің дұрыс атауы қайтарылып, Қазақстан республикасы деп аталатын болды. Барлық қазақ жерлерінің бір республикаға бірігуі қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең болды және қазақ мемлекеттілігінің қайта қалыптасуына үлкен рөл атқарды.

Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Лениннің декреті бойынша (жарлығы) 1920 жылы Орынбор қаласында өткен съезде Қазақстан жеке автономиялық мемлекет болып жарияланды. Автономиялы республика деп үлкен федеративті мемлекеттің құрамындағы ұлысты айтады.

Ал 1922 жылы 30 желтоқсанда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылғандығы, яғни бірнеше республикалардан құрылған мемлекеттердің одағы жарияланды. Алғашқы кезде оның құрамына төрт республика кірсе, кейіннен оның

құрамындағы республикалар саны 15-ке жетті. Олардың барлығы 1991 жылға дейін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында өмір сүрді. Одақ құрамындағы мемлекеттер өз алдына жеке мемлекет, егеменді деп есептелгенімен, шындығында олардың барлығы КСРО-ға бағынышты болып, өз алдына жеке экономикасын, дербес саясатын жүргізе алмады.

1920 жылы 26 тамызда Бүкіл Ресейлік Орталық Атқару комитеті мен халық комиссарлар Кеңесі Қырғыз автономиялық Советтік Социалистік республикасын құру туралы декрет қабылдады. Бұл республика РСФСР-дың құрамында болды да астанасы Орынбор қаласы болып белгіленді.

1920 жылы 4 қазанда Орынборда өткен Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезінде Орталық Атқару Комитеті (төрағасы С. М. Мендешев) және Халком Кеңесі (төрағасы В. Радус - Зенькович) сайланды. Съезд Қырғыз (Қазақ) АКСР-і РКФСР-дің құрамына кіретін жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалардың, казактардың және қызыл әскер депутаттары кеңестерінің автономиялық республикасы болып құрылғанын мәлімдеді. Декларация Кеңестердің таптық мәнін белгілеп берді. Ол халықты ұлттық езушілік пен құлдықта ұстау саясатынан батыл қол үзетінін жариялады.

1925 жылы Қазақстанның екінші астанасы Ақмешіт қаласында болған Қазақстан кеңестерінің III съезі Қазақстанның жаңа астанасын Қызылорда деп өзгертіп қазақтардың тарихи атын қалпына келтірді. Осы кезден Қазақстандағы Кеңес мемлекеті **Қазақ АССР** болып аталды. 1936 жылы Қазақстан Одақтас республика болып құрылып СССР-дың тікелей құрамына енді.

5.1921-1922 жж. Жер-су реформасы. Жер-су мәселесін түпкілікті шешу үшін 1921 ж. Жетісу, Сырдария облыстарында жер-су реформасы жүрілді. Оңтүстікте суармалы егістік болғандықтан жер мен судың маңызы бірдей еді. Сондықтан реформа бойынша жерді ғана емес, суды да баяу қажет болды. Бұл реформаны ұйымдастыру Сұлтанбек Қожановқа жүктелді.

Реформаны жүргізу үшін жергілікті жерлерде "қосшы" одағы құрылды. Осы одақтың көмегіне сүйенген қазақтар өздерінің бұрынғы жайылым, егістік жерлерін қайтарып алды. Жер су реформасы 1922 жылы аяқталып тек Жетісуда қазақтар 460 мың десятина жер алды.

Жер-су реформасын ұйымдастырған С.Қожанов жер мәселесін шешу үшін орыс шаруаларын, кулактарды кері қоныстандыруды ұсынды. Бұл үлкен дау туғызды. Москвадан арнайы комиссия келіп орыс кулактарының талабын қолдады. С.Қожановқа кейін «Қожановшыл» деген айып тағылды.

Дегенмен жер- су реформасы қазақ халқына өз нәтижесін берді. Патша үкіметінің тұсында жерлерінен айырылған қазақтар оның біразын болса да қайтарып алды.

6. Жаңа экономикалық саясат және оның қорытындылары: Әскери коммунизм саясаты азамат соғысы кезінде армияның қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатын шешкенімен өнім өндірушілердің экономикалық ынтықтығын жойып жіберді. Сондықтан Кеңес үкіметі бұл саясатты азамат соғысы аяқталар аяқталмастан **жаңа экономикалық саясатпен** алмастырды. Азамат соғысы аяқталған соң кеңес өкіметі саяси-экономикалық дағдарысқа қарсы жаңа бағдарлама қабылдау қажеттілігін сезінді.

1921 жылы наурыз айында большевиктер партиясының X съезінде **жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) қабылданды.** Әскери коммунизм саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшіру бағдарламасы бойынша өндіріс орындар мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік иелігіне беру мүмкіндіктері ашылды. Әртүрлі меншік түрлері қатар өмір сүруге мүмкіндік берілгенімен Кеңес үкіметі іс жүзінде экономикаға өзінің бақылуын жүргізуді тоқтатпады.

Жаңа экономикалық саясат **азық түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырды.** Оның басты айырмашылығы - мемлекетке тапсыратын азық-түлік салық

мөлшері нақты белгіленіп, өнімнің артығы өз еркімен пайдалануға, сатуға рұқсат етілді. Осыған байланысты енді шаруалар еңбек өнімділігін арттыруға ынталы болды. Соғыстың аяқталуы еңбек міндеткерлігін жойды. Енді ақысыз еңбек орнына ақшалай жалақы төлеу міндеттелді. Жаңа экономикалық саясат бойынша жеке саудаға, жалдамалы еңбекті пайдалануға және кооперативтерге рұқсат берілді. Өнеркәсіпті жаппай мемлекет меншігіне өткізу декреті күшін жойып, шағын кәсіпорындар жеке тұлғаларға жалға берілетін болды. Шетелдік капитал тарту арқылы аралас акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар құруға мүмкіндіктер берілді. Көлік, байланыс жүйесі мен коммуналды қызмет пайдалану үшін төлемақы алынды. Жаңа экономикалық саясат мемлекет бақылауындағы халық шаруашылығында біршама капиталистік қатынастарға уақытша жол беруді қарастырды.

Өнім өндіру деңгейі соғысқа дейінгі көрсеткіштермен салыстырғанда 2/3 бөлігін құрады. Өнеркәсіп орындарының 60% қайта іске қосылды, көлік қызметі қалпына келтірілді. Егістік алқаптар 3 млн. га жерді құрады, астық өнімі соғысқа дейінгі деңгейге жетті. Мақта өндімі соғысқа дейінгі деңгейден асып қарқынды дамыды. Мал саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп 26 млн. асты.

Жәрменкелер саудасы қайта жанданды. Ойыл, Темір, Қоянды сияқты жалпы 130-ға жуық жәрменкелер саудасының айналымы 20 млн. аса сомды құрады.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономика қатынасына біртіндеп өтуі 20-ші жылдардың ортасына қарай прогрессивтік даму бағытын айқындады. 1925 жылға қарай халық шаруашылығы қайта қалпына келтірілді. Бұл тәжірибе экономиканы мемлекет тарапынан жоспарлы түрде дамыту мен әкімшілік басқаруымен салыстырғанда нарықтық қатынастардың артықшылығы мен тиімділігін дәлелдеді. Дегенмен Кеңес өкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесі жоспарлы экономиканың қағидаларына сүйеніп ЖЭС жетістіктерін біртіндеп жоя бастады.

20-шы жылдары жаңа экономикалық саясат ұзақ уақытқа бағытталған саяси стратегия есебінде қабылданды. Елді индустрияландыру, шаруаларды кооперацияландыру, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру сияқты үлкен проблемалар осы саясат шеңберінде шешіледі деп саналды.

Шаруалар кооперациясы мемлекеттік қысым күшімен емес, экономикалық тиімділік шарттарын сөзсіз орындау арқылы жүзеге асатын эволюциялық процесс ретінде қаралады. Кооперация, басқа да шаруашылық ұйымдардың баламалы әдістерімен бесекелі күрес барысында айрықша көзге түскен экономикалық артықшылықтарға шешуші ынталандыру рөлін тапсыратын.

Жаңа экономикалық саясатқа бағыт алу тікелей «тәркілеуге» жол бермейтін, өйткені ол іс жүзінде дербес қожайындарды экспроприациялау –еркінен тыс мал-мүлкінен айыру болып табылады. Н.Бухарин, Н.Рыков, М.Томский бастаған Жаңа экономикалық саясаттың жақтаушылары, бұл мәселе жөнінде экономикалық және құқықтық реттеу механизімі берінен де перменді болуы мүмкін деп есептеді. Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдарының тәжірибесі оның мүмкін екенін дейектеп берді.

Кооперация индустрияландыру ісімен өзара байланыста қаралды. Қоғамға реформа жасаудың жаңа экономикалық саясаттың моделіндегі принципті бір жейт, индустрияландыру да, кооперация да өзіндік мені бар мақсат деп қаралып қана қоймай, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін арттыруға жеткізетін фактор ретінде қаралады, мұның өзі социалистік басты критеріі деп түсінілді.

Алайда 20-шы жылдардың аяқ кезінде жаңа экономикалық ойлау шеңберінде қалыптасқан шынайы бағыт түбірінен өзгереді. Басты приоритет - ең зәру көкейкесті мақсат индустрияландыруды қызу қарқынмен жүргізу деп жар салынды. Индустрияландыру қам қарекетін қамтамасыз ететін қорды жинауды шаруалар қауымын тікелей және жанамалап экспроприациялау есебінен жүргізу көзделген болатын. Бірақ бұл мемлекет өндіріс құралын тотальді түрде озбырлықпен ауыздықтап алған кезде ғана жүзеге асар еді, мұны шаруалардың аса қуатты қарсылығын тудырған астық

дайындаудың күшпен жүргізілген әдісі айқын көрсетті. Ал, бұл мақсат мемлекеттендірілген колхоз жүйесін жасау арқылы яғни ұжымдастыруды жаппай өткізу арқылы іске асырылды, мұның өзі өнім өндірушілерді өндіріс құралынан да, өндірістің өзі мен өнімді бөлуден де толық шеттету деген сөз еді.

Шын мәнінде өнеркәсіп өндірісін «жұмсақ» (қоғамның жанын барынша қинамай) модернизациялау идеясы индустрияландыруды мейлінше қарқындата өткізу бағытымен ауыстырылды. Экономикалық спонтанды процесс ретінде жүргізілетін кооперациялау ісі мемлекет бағыттап отыратын күшпен ұжымдастыру шарасына орнын берді. Ал, бұл шара-шаруа қауымының игілігін ойлаудан тумады, тек индустрияландыру процесін қамтамасыз ету мақсатын ғана көздеді.

Патшалы Ресейдің жер саласындағы саясатының салдары қазақ халқы үшін өте ауыр болды. Бұл жағдай Кеңес үкіметі орнаған соң да оңалмады. 1921 жылы ҚАССР-ның Орталық Атқару Комитеті жерді мемлекеттік қор деп жариялады. Бұл шешім бойынша жерді өз бетімен меншіктенуге, сатуға, сатып алуға тыйым салынды. Дегенмен бұл шара қазақтардың жер саласындағы теңсіздігін жоя алмады.

1921 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті қоныс аудару басқармасының қарамағындағы игерілмеген жерлер, помещиктер мен кулактардың жерлері, нормалардан артық жерлерді қазақтарға қайтарып беру туралы декрет қабылдады.

7. Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі. Түркістан автономиялық республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Т.Рысқұлов 1920 жылы Орта Азия мен Ресейді мекендеген түрік тектес халықтардың басын біріктіріп түрік республикасын құру, осы халықтардың өкілдері мүшесі болатын түрік коммунистік партиясын құру туралы идея көтереді. Оның мақсаты түрік халықтарының басын біріктіріп оны осы халықтар тұрғысында шовинистік саясат ұстанып отырған Кеңес үкіметіне қарсы қою еді. Түрік тектес халықтардың басының бірігуі Кеңес үкіметіне қауыпты еді. Сондықтан Коммунистік партия, Кеңес үкіметі Т.Рысқұловтың бұл идеясын қабылдамай тастады да, оның алдағы уақыттарда да жүзеге асу жолын кесуді ойлады. Бұл 1924 жылы жүргізілген межелеу саясатының негізгі мазмұны болды. Бұл саясат арқылы Кеңес үкіметі бір республикаға бірігіп отырған халықтарды бірнеше республикаға бөліп оларды ыдырату саясатын жүргізді. Өзбекстанды одақтас республика жасады, қалған үш халықты /қырғыз, түрікмен, тәжік/ автономиялық республика, облыс жасап біреулерін Өзбек ССР-на, біреулерін РСФСР-ға қаратты. Кеңес үкіметі бұл саясатты жүргізгенде коммунистік партия әрбір ұлтқа өз мемлекеттігін құрып беріп отыр деп түсіндірді. Бұл мемлекеттер сол халықтардың шын мәніндегі тәуелсіз мемлекеті бола алмағаны, Кеңес үкіметінің межелеу саясатының мақсаты түрік тектес халықтардың басын біріктірмеу, керісінше оларды өз ара ажырату болғаны айқын. Межелеу кезінде бұрын Түркістан АССР-ның құрамында болған екі облыс -Жетісу мен Сырдария облысы Қазақ АССР-на қосылды. Экономикасы салыстырмалы түрде жоғары дамыған, халқының көпшілігі қазақтардан құрылатын екі облыстың қосылуы Қазақстанға тиімді болды. Ресей оның есесіне Қазақстанның біраз жерін өзіне қосып алды.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

А.Байтұрсынұлының В.И.Ленинге жазған хаттарында большевиктік идеяларын сынауы туралы пікір айтыңыз

Орта деңгей:

1.Алаш Орда үкіметіне амнистия жариялануы туралы себептерін ашып айтыңыз

Жеңіл денгей:

1921-1922 жж. Қазақстандағы ашаршылық себептері мен салдарын көрсетіңіз.

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

- 1.Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметі
2. Мұстафа Шоқай, оның қоғамдық-саяси қызметі
3. Мұсылман бюросы және Түрккомиссия: саяси билік үшін күрес.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

- 1.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
- 2.Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.
- 3.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016
- 7.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
- 8.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
- 11.Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.

5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz